

"Тайынша ауданы Краснополян селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 21 қыркүйектағы №5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 4834 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тайынша ауданы Краснополян селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 21 қыркүйектағы № 5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13-11-192 тіркелді, 2010 жылғы 22 қазанда "Тайынша Таңы" газетінде және 2010 жылғы 22 қазанда " Тайыншинские вести" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Краснополян ауылдық округінің әкімі

Т.Бәкіров